

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАРЫНА**


Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2025 жылдың 07 ақпан күні Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында өтетін тәрбиеленушілердің казак халқының салт дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, салт дәстүрді құрметтеп, қадірлей білуге, мейрімділікке тәрбиелеу мақсатында «Салт-дәстүр білгірі» атты аудандық байқау ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2025 жылдың 06 ақпанына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.


Қосымша: 2 парақта.

**Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел.: 2-14-10



«Салт-дәстүр білгірі» атты аудандық байқаудың өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық байқауының ережесі (ары қарай Байқау) оны өткізудің мақсатын, міндеттерін, форматы мен қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің казак халқының салт дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, салт-дәстүрді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. Ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу.

Міндеттері:

Көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздан қалған ұлттық құндылықтардың өзіндік үлгі өнегесін балалар бойына сіңіру;
өз ұлтына, адептұрып, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін арттыру; Жас ұрпақты мейірімділікке, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу;
Салт-дәстүрді ұмытпай жалғастыруды дамыту.

3. Байқауды өткізу мерзімі

3.1. Байқау 2025 жылдың 07 ақпан күні, сағат 10.00-де өтеді.

Өтетін орны: Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі

3.2. Байқауға қатысуға өтініштер 2025 жылдың 07 ақпанына дейін abb_elzat@mail.ru электронды поштасына төмендегі үлгі бойынша қабылданады.

№	Ауданы, мекемесі	Оқушының аты-жөні	Жетекшінің аты-жөні	Байланыс телефоны

4. Байқаудың өту тәртібі

4.1 Байқауға қосымша білім беру мекемелерінің үйірме жетекшісі, 5-7 жасар білім алушылар қатыса алады. Бір командада екі адамнан тұрады.
(жетекші, 5-7 жасар білім алушы).

4.2 Байқау төрт бөлімнен тұрады:

I-бөлім «Таныстыру»:

Шығармашылық қабілетін пайдаланып команда мүшелері өздерін таныстыру
(2-3 минут)

II-бөлім «Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым» тақырыбы бойынша көрініс:

Халқымыздың салт-дәстүрін 3-5 минуттық сахналық көрініс ретінде дайындау.

III-бөлім - «Ойталқы» сұрақ-жауап:

Халқымыздың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрып бойынша сұрақтарға жауап беру;

IV-бөлім «Өнерлінің өрісі ұзақ»:

Әр топ өз өнерлерін көрсетеді (ән, би, көркемсөз және т.б.) 3 минут

5. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

5.1. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қазылар алқасының шешімі талқыланды және шағымдануға немесе қайта қарауға жатпайды.